**«Ақтөбе облысының білім бақармасы Ырғыз ауданының Білім бөлімі» ММ Интернаттық үлгідегі санаториялық мектепке дейінгі ұйымы «Ақбота» бөбекжай- балабақшасы Мемлекеттік мекемесі**

# «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» ММ Интернаттық үлгідегі санаториялық мектепке дейінгі ұйымы «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы ММ өзін-өзі бағалау қорытындысы

**Ырғыз ауылы**
**2022 жыл**

Scanned by TapScanner

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ИУСМДҰ «Ақбота» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік мекемесі бойынша өзін-өзі бағалау өткізу нәтижелерінің**

## АНЫҚТАМАСЫ

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 54 бабы 4 тармағына«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысы Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департамент басшысының 2021 жыл 23-қарашасы № 17-12-04-6/1160 бұйрығы негізінде 2022 жылдың 25-ақпан мен 28- ақпан аралығында «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалауды өткізді.
Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

**Өзін-өзі бағалау кезінде тексеріліп сарапталды:**

1. Мектепке дейінгі мекеменің жалпы сипаттамасы;
2. Білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары
3. Білікті қызметкерлердің болуы;
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
6. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау. «Бағдарлама» салалары бойынша балалардың білім деңгейінің диагностикасы;
7. Өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін қорытындылау.

**1.Мекеменің жалпы сипаттамасы:**

**Білім беру ұйымының толық атауы**: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» ММ «Ақбота» бөбекжай-бақшасы» ММ
**Заңды мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы,индекс 030400, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылдық округі, Жаманмұрынов көшесі №17

**Заңды тұлғаның байланыс деректер:** Тел/факс: 8(713 43)22-0-53 Эл. поштасы: balabakshasy.akbota@bk.ru

Scanned by TapScanner

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:** Жакина Гулнур Нурабаевна 28.05.2021 жылы Ырғыз аудандық білім бөлімі басшысының № 101-56 бұйрығымен тағайындалған.

**Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар:**

**Ұйымының Жарғысы** – Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсанының №469 каулысымен бекітілген; «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Интернаттық үлгідегі санаториялық мектепке дейінгі ұйымы «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы » Мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қайта тіркеу 2021 жылғы 08 қаңтарда жүргізілген.

«Ақтөбе облыстық Білім басқармасы, Ырғыз ауданының Білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің «Интернаттық үлгідегі Санаториялық мектепке дейінгі ұйымы «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы» Мемлекеттік мекемесі мектеп жасына дейінгі балалардың, әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен, өте нашар жағдайдағы балалармен бірге, құрт ауруын болдырмауға бағытталған емдеуді, сауықтыруды жан-жақты дамытуды қатар жүргізумен бірге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлееттік ҚР мектепке дейінгі білім беру стандартына сай жасалынған, сапалы оқу мен саналы тәрбие беруді ойдағыдай іске асыру;

**Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы БИН** 060240001035, 08.01.2021жылы № 47-1904-07-ММ берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні- 01.02.2006 жыл.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Интернаттық үлгідегі санаториялық мектепке дейінгі ұйымы «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы » Мемлекеттік мекемесі -Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы «23» желтоқсандағы № 469 қаулысының негізінде қайта құрылды.

**Рұқсат беру құжаттары**: Білім беру қызметін жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама №KZ63RVK00027774 Берілген күні: 22.01.2021жыл.

Интернаттық үлгідегі Санаториялық мектепке дейінгі ұйымы «Ақбота» бөбекжай балабақшасы Ырғыз селосы, Т.Жаманмұрынов көшесі № 17 үй мекен жайында орналасқан.Балабақша ғимараты бір қабаттан тұрады. Ғимарат жылу жүйесімен , сумен қамтамасыз етілген. Асхана, кір жуатын бөлме, және шаруашылық материалдарын сақтайтын қойма балабақшаның негізгі ғимаратынан тыс жайда орналасқан. Жұмыс уақыты тәулік бойы. МДҰ 6 күндік жұмыс жүйесіне негізделген.Балабақша мемлекеттік тілде жұмыс істейді. Жоба қуаттылығы: 20 орын. Балабақшада әржастағы бір топ жұмыс істейді:

Scanned by TapScanner

«Ақбота» бөбекжай- балабақшасы ММ 1982 жылы салынған бейімделген ғимаратта орналасқан.
Жалпы көлемі 722 ш.м. құрайтын аумақты алып отыр.
Жобалау қуаты – 20 орынға есептелген.Жас ерекшеліктеріне сай 1 топ жұмыс істейді.
Ғимараттың типтік сипаттамасы: 1 қабатты бейімделген ғимарат,ішкі және сыртқы тұрақты қабырғаларының материалы – кірпішпен қапталған шпалдар,силикат кірпіш. «Ақбота» балабақшасы ауыз суды орталықтандырылған су құбырынан пайдаланады.Жарық көзі жасанды және табиғи. Ғимарат газ құбыры арқылы жылытылады.
Санаториялық «Акбота» бөбекжай-балабақшасы ММ 6 жұмыс күнімен тәулік бойы жұмыс жасайды.
Мектепке дейінгі ұйымда топ бойынша барлығы 1 бөлме. Бөлмелер жиһаздармен, оқу құралдарымен жабдықталған.

**Мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар талаптарына өртқауіпсіздік талаптарына, санитарлық нормативтер негізінде қызмет атқаратын,оперативті басқару немесе шаруашылық жүргізу,меншік құқығындағы пайдалы оқу аумағының сәйкестік дәрежесі**
Балабақшада өрт қауіпсіздігі бұрышы жабдықталған,онда өрт сөндіруге арналған қажетті құрал-жабдықтар қойылған.

**Өрт қауіпсіздігін сақтауға арналған жабдықтар**

| **Атауы** | **Стандарт бойынша** | **Балабақшадағы мүліктер** | **Пайызы** |
|---|---|---|---|
| Өрт қауіпсіздігін сақтауға арналған жабдықтар | 7 | 7 | 100 % |

-Өрт кезіндегі эвакуацияның жоспар схемасы;
-Өртке қарсы жағдайға жауапты тақтасы;
-қысым жағдайын электр жабдығын өшіруге мүмкіндік беретін ОП-4(3),ОП-4(3) екі ұнтақты өрт сөндіргіштері
Қосалқы шығатын есік. «Шығу» және «Қосалқы шығу есік» көрсеткіштерімен жабдықталған.

Scanned by TapScanner

Мектепке дейінгі ұйымда медициналық кабинет бар,лицензияланған.Медициналық кабинет 1 бөлмеден құралған: медбике бөлмесі.Медициналық кабинет ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 23-қосымшасына сәйкес қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтердің қортындылары мен анықтамалары бар. Медициналық кабинет 1 бөлмеден тұрады, жалпы ауданы 12,30 ш.м.

Ырғыз ауданының МСЭКБ берген санитарлық-эпидемиологиялық ұйғарымы бар.Барлық оқу жылы бойынша жаңа оқу жылына дайындық туралы актілер бар. Бөбекжай-бақшасының материалдық базасы СанЕмН талаптарына сай 20 тәрбиеленушілерге арнайы жабдықталған. Бөбекжай-бақшад балалардың киімдеріне, оқу құралдарына арналған шкафтармен, отыратын үстел, столдарымен, теледидар, музыкалық орталықпен ен жабдықталған. Балаларды қабылдау бөлмесі бар . Жатын бөлмесі талапқа сай кереуеттер төсектерімен жабдықталған. Тәрбиеленушілерге арналған көркем әдебиеттер, ертегілер саны - 170 . Әдістемелік құралдар мен кітаптар саны-65 кітап. «Ақбота» бөбекжай-бақшасында Қазақстан Республикасы рәміздерімен жабдықталған. Елтаңба мен Мемлекеттік Ту мекеме басшысының кабинетінде талапқа сай орналастырылған.

2017 жылдың 27-29 наурыз күндері Ырғыз аудандық Интернаттық үлгідегі Санаториялық мектепке дейінгі ұйымы «Ақбота» бөбекжай-балабақшасына ҚР Білім және Ғылым Министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаментінің аттестаттау жұмыстары жүргізілді.

Аттестаттау комиссиясының қорытындысы бойынша және санитарлық –эпидемиологиялық тексеру актісі бойынша мынадай ескерту, ұсыныстар айтылып, талаптар қойылды.

«Ақбота» бөбекжай-балабақшасы ғимараты өте тар. Қазіргі таңда әдіскер мен психолог бір кабинетте орналасқан. Балалар бір бөлмеде орналастырылған, осы бөлмеде ас ішеді, ұйықтайды, оқу-тәрбие жұмыстары жүргізіледі, ойындар ойналады, музыкалық шаралар, спорттық сайыстар, мерекелік ертеңгіліктер, басқа да іс-шаралар осы бөлмеде өткізіледі. Балалардың дәретханасы мен жуынатын бөлмесі , киінетін бөлмесі де бірге орналасқан. Медбикеге СанПин ережелеріне сәйкес үш кабинет бөлінуге тиіс болса, «Ақбота» бөбекжай-балабақшасында медбикеге 10 шаршы метр кішкене бөлме бөлініп берілген. Кір жуатын, кір өтектейтін бөлме жоқ.
Санитарлық –эпидемиологиялық талаптар бойынша жоғарыда көрсетілген ескертулерге қосымша балалардың жатын

Scanned by TapScanner

бөлмесі, ас ішетін бөлмесі, қабылдау, жуынатын бөлмелерінің бөлек болуын, кір жуатын бөлме, қарауылшы, хатшы, есепші бөлмелерінің бөлек болуын ескертті. Асхана блогының талапқа сай еместігін атап көрсетті. Ырғыз аудандық интернаттық үлгідегі санаториялық мектепке дейінгі ұйымы «Ақбота» бөбекжай-балабақшасының лайықталған бөлмелерінің ешқайсысы СанПин бойынша нормалық талаптарына сәйкес емес екені анықталып, ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 17 наурыздағы №217 «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидасының 3 тармағының, 25 тармағының 2 қосымшасының, 3 кестесінің, 223 тармағының, 2 қосымшасының,4 кестесінің, 130тармағының, 133 тармағының бұзылуы анықталды деп табылды.

Қазіргі таңда мекемеге жетіспейтін бөлмелер:

- Психолог кабинеті
- Бухгалтер кабинеті
- Хатшының бөлмесі
- Балалардың ұйықтайтын бөлмесі
- Балалардың ас ішетін бөлмесі
- Музыкалық зал
- Дене шынықтыру залы
- Балалардың жуынатын бөлме
- Кір жуатын бөлме
- Медбикеге 3 бөлме
- Балаларды қабылдау бөлмесі
- Шаруашылық меңгерушісінің бөлмесі
- Асханаға 2 бөлме

Жоғарыдағы ескертулерді негізге ала отырып, Ырғыз ауданы әкіміне, Ырғыз аудандық мәслихатына, Ырғыз аудандық Білім Бөлімінің басшысына хаттар жолданды 2018 жылы қыркүйек айында Санаторлық «Ақбота» бөбекжай-балабақшасында Ырғыз аудандық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы тексеру жұмысын жүргізіп \Рай СЭС\, ғимаратқа Санитарлық- эпидемиологиялық қорытынды алынбаған деген талапқа сүйеніп, Ырғыз Аудандық Сотына жүгінді. Сот төрағасы «Ақбота» бөбекжай-балабақшасының ғимараты балабақшаға арналып салынған ғимарат емес екендігін, тиісті орындармен келісе отырып, шағын бөлмелердің арасын қосып, кеңейту арқылы балаларға ыңғайлы етіп, топ бөлмесін лайықталғандығын ескеріп, Сот отырысында ғимарат мәселесін шешу мекеме басшысының

Scanned by TapScanner

құзырына кірмейтіні шешім шығарылды. Осы жағдайдан кейін ғимараттың тарлығы жөнінде құзырлы орындарға бірнеше рет хат жолданды. Бірақ, бұл мәселе қазіргі таңға дейін шешімін таппай келеді.

Бөбекжай-бақшада 2021-2022 оқу жылында 7 педагог жұмыс жасайды.
Бұл педагогтардың 71,4% мамандықтарына сәйкес жұмыс атқарады. Бір тәрбиеші 2022 жылы мамандығы сай оқу орнын тәмамдап, диплом алады.

| № | Аты-жөні | Бітірген оқу орны | Білімі | Диплом бойынша мамандығы | Атқаратын қызметі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жакина Гүлнұр Нұрабаевна | Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті | Жоғары | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | Меңгеруші |
| 2 | Қарасартова Бибігүл Айдынғалиқызы | Ақтөбе гуманитарлық колледжі | Арн орта | Бастауыш класс мұғалімі. | Әдіскер |
| 3 | Милушева Эльвира Шәріпқызы | Қазақ Мемлекеттік Қыздар институты | Жоғары | Тарих пәнінің мұғалімі, мектепке дейінгі тәрбие | Тәрбиеші , психолог |
| 4 | Сақыпова Клара Серікқызы | «Болашақ» көпсалалы колледжі. | Арнаулы орта | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | Тәрбиеші |
| 5 | Айдарбекова Анар Мекенбайқызы | Түркістан педагогикалық колледжі | Арнаулы орта | Бастауыш класс мұғалімі. | Тәрбиеші |
| 6 | Құдайбергенова Гүлжанат | Ақтөбе педагогикалық колледжі | Арнаулы орта | Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу | Тәрбиеші |
| 7 | Хамза Аягөз Асылбекқызы | Ақтөбе педагогикалық колледжі | Арнаулы орта | Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу | Тәрбиеші |

**2.2.2017-2021 -2022 оқу жылдарындағы ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері:**

Scanned by TapScanner

2017-2018 оқу жылы,2018-2019 оқу жылы,2019-2020 оқу жылы,2020-2021 оқу жылы және 2021-2022 оқу жылы бойынша ұйымдастырылған оқу-қызметінің кестесін құруда балалардың жас ерекшеліктері, оқу әрекетінің мазмұны есепке алынған.Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі «Ақбота» бөбекжай-бақшасы меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып,әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан. Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ. Оқыту және тәрбиелеу – мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Жас ерекшеліктері ескеріле отырып,әртүрлі жастағы принцип бойынша топтар жинақталуы қалыптасқан. Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау,Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы *№292 қаулысы*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес ,"Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары)сәйкес оқу жоспарлары жүзеге асырылған .

**2.3.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**Оқу-тәрбие үрдісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы *№292 қаулысы*), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес ,"Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары), "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 14 қыркүйекте № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі - үлгілік оқу бағдарламасы) ,сәйкес жүзеге асырылған . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнымен анықталған білім беру міндеттерін табысты іске асыруға ықпал ететін, кіріктіре оқыту идеялары бүгінгі күні өзекті болып табылады.

Scanned by TapScanner

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында бөбекжай-бақшасы білім беру процесіне «өтпелі тақырыптар» негізде перспективалық жоспар құрды.

Бағаланатын оқу жылдары бойынша: МДҰ-да бес тәрбиеші жұмыс жасайды. Тәрбиешілер: Айдарбекова А. Сақыпова К. МилушеваЭ. Хамза А. Серік А. оқу қызметтерін ұйымдастырып, түрлі бағыттағы тәрбиелеу шараларын өткізеді. Әдістемелік кабинеттегі жұмыстар жоспарға сай жүргізіледі.Олар мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талабы бойынша балабақшаның күн тәртібін құру жұмысынан бастап оқу қызметінің, күні бойғы тыныс-тіршілік циклограммасын жасау,сайыс ережелерін құру,педагогикалық кеңестерге материалдар даярлау,жалпы педагогтың сапалық құрамын анықтау,базалық оқу жоспарын,ҰОҚ-нің кестесін құру т.б.осы сияқты жұмыс түрлері уақытылы жүргізілді. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыруды балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру салаларының («Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») жұмыс ұйымдастыру барысында кіріктіру қамтамасыз етілді.

Балабақшада педагогтар тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын қалыптастыру мақсатында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» бес білім саласы орталықтарымен жұмыс жасайды.Оқу-тәрбие үрдісінің міндеттері мен мақсатына сай, қажеттілігі мен қызығушылығын қанағаттандырып, жеке басын дамыту үшін заттық-кеңістік құрылған.

«Ақбота» бөбекжай-бақшасының педагогтары үнемі ізденіспен жұмыс жасайды. Ұжым педагогтары Республика , облыс көлеміндегі түрлі байқауларға, семинарларға қатысып жүлделі орындарға ие болып, түрлі деңгейдегі Алғыс хаттармен марапатталып келеді. Республикалық «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту теориясы» бойынша олимпиадаға ұжым педагогтары түгел қатысып, барлығы жүлделі І,ІІ орындарға ие болды. 2017 және 2018 жж екі дүркін Республикалық «Үздік Ұжым » Дипломымен марапатталды. Тәжірибе алмасу және өз тәжірибелерін тарату мақсатында 2017-2022 жылдар кезеңінде 4 семинар, 2 шебер-класстар өтті. Оған аудан көлеміндегі мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары мен Ырғыз аудандық ББ қызметкерлері қатысты.

**«Денсаулық» білім саласы бойынша:** Баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, кеглилер, секірпе доптар, ойын материалдары бар.

Бала өмірін қорғау денсаулығын нығайту барысындағы жұмыс түрлері маусымдық берілетін кеңестер,спорттық мерекелер,денсаулық күндері жоспарға сай өткізіледі. Сауықтыру – шынықтыру жұмыстарынан ертеңгілік шынықтыру

Scanned by TapScanner

жұмыстары мен сергіту жаттығулары,ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары жүргізіліп келеді.Ал сумен шынықтыру,дәстүрлі емес шынықтыру және оларға сәйкесті құралдарды жасақтау жұмыстары бөбекжайда үздіксіз жүргізіледі. Милушева Э. :НЕПТУН күні.ашық ертеңгілік, «Секіру»- қысқы табиғат аясында секіру: Серік А. « Сапқа тұру. Тепе-теңдікті сақтау»- қатарға тұрып, бағдар бойынша теңелуді бекіту. Арқанмен тепе-теңдікті сақтап жүруді бекіту. Сақыпова К. «Сапқа тұру, еңбектеу» Айдарбекова Г. «Домалату. Жүру» т.б тақырыбындағы сағаттар бала қызығушылығын тудырды. Сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Бөбекжай-бақша санаторлық мекеме болғандықтан сауықтыру шараларына көп көңіл бөлінеді. Күндізгі ұйқыдан кейін кілемшелермен жүру релаксациялар,тыныс алу жаттығулары,төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Таңғы жаттығулар кешені тұрақты түрде орындалады. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес білім беру сала бойынша кешендер ,ұйқыдан ояну кешендері, төрт жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады. Дене шынықтыру бойынша оқу дағдыларын меңгертті.

**«Таным» білім беру саласы бойынша**: Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары геометриялық пішін түрлері және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесе зерттеуге арналған табиғат бұрыштары жабдықталған, домино, құрастырулар жинақталған, пазылдар түрлері, саусақ моторикасын дамытуға арналған материалдар жасақталған

топ тәрбиешілері : Милушева Э. «Үй жабдықтау» тақырыбындағы оқу қызметінің мақсаты бойынша - заттарды үлгісі бойынша санау дағдыларын қалыптастырып, сандарды тәртібі бойынша атауға үйретті. «Барлығы», «Қанша» сұрағына жауап беруге талпынды. Сақыпова .К. «3 санымен танысу» тақырыбындағы оқу қызметін «Үш аю »ертегісінің желісімен қызықты қылып өткізді. Балалар үлкен қызығушылықпен атсалысты. Бұл оқу қызметі «Қатынас», «Әлеумет» білім беру салаларымен кіріктірілді. Айдарбекова А. «Тауық және оның балапандары», Серік А. «2 санымен таныстыру» -таңертең, күндіз ,кеш, түн секілді тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдысын қалыптастыру бағытында жұмыс ұйымдастырды. тақырыбындағы оқу-қызметін үлкен ізденушілікпен, балаларға тартымды етіп ұйымдастыра білді.

Хамза А. «Қазақтың ұлттық киімдері» тақырыбында оқу қызметін өткізді. Ұйымдастырлған оқу қызметтерде балалардың ойлау,ажырату дағдыларын қалыптастыра отырып,маман қойған мақсаттарына кері байланыс жасау арқылы жете білді. Балалар мен педагогтың арасындағы өзара байланысы өте тиімді әрі тәрбиелік мәнге ие болды. Балалардың іс- әрекеттері, тапсырмаларды орындау кезінде сөйлеу, санау,ажырату әдіс-тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар, геометриялық пішіндер пайдаланылды, алыс-жақын, оң жақ-сол жақ, жоғары- төмен, үлкен-кіші секілді ұғымдар арқылы нәтижеге жетті. Жеке-топтық жұмыстар да ұйымдастыра алды.

Scanned by TapScanner

**«Қатынас» білім беру саласы бойынша:** «Қатынас» білім саласының оқу іс-әрекетінде баланың тілдік құзыреттілігін дамыту, оқылған шығармалардың мазмұнын жүйелі баяндауға, жеткізіе білуге дағдыландыру жұмыстарына арналған балалардыңі жас ерекшелігіне сәйкес көркем әдебиет шығармалары, ертегілер, электронды ертегілер, атрибуттар. Сюжеттік- рөлдік ойын жабдықтары жинақталған.

Топ тәрбиешілері Милушева Э.Ашық қаралым: «Все профессии важны, все профессии нужны», «Мамандықтың бәрі жақсы» - Көркем әдебиет, Сақыпова К. «Ызылдауық шыбын» - ашық қаралымын сахналық қойылым түрінде өткізді. Сақыпова .К. «Витамины»- орыс тілі бойынша, Көркем әдебиеттен «Бақшадағы гүлдер», Айдарбекова Г. Сөйлеуді дамытудан «Үйшік » ертегісі арқылы баяндау, сұрақ қоя білуге, сұраққа жауап беруге үйретті «Балабақша үйіміз», оқу қызметтерін өткізді.

Бұл саладағы оқу қызметтерін ұйымдастыруда педагогтар күнделікті және әдеби жанрлардағы қолданылатын сөздермен сөз қорларын молайтты ,сөйлеуін дамытты, өлеңді, ертегіні жалғастыру арқылы баланың сыни ойлау мен сөз шешендігіне дағдыландырды. Суреттерді, заттарды қарау, жанды және жансыз табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу, өзіне таныс ертегілерді сахналауға және драмалық қойылымға қызығушылығы мен ынтасы сияқты оқу дағдыларын қалыптастырды.

**«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша:** Мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасау үшін тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен жабдықталған.Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында дрматизациялауға қуыршақтар ,үстел үсті театрларының атрибуттары бар, дегенмен толықтыруды қажет етеді.

Шығармашылық: «Бояулар әлеміне саяхат» тақырыбына ашық қаралым өткізді. Қатынас, шығармашылық, таным – пәнаралық байланыс жасады. Сақыпова К. «Көңілді аспаптар»- ашық қаралым, «Бояулар әлеміне саяхат» оқу қызметі, Милушева Э. «Көліктер»- құм бетіне сурет салу, Аппликациядан Айдарбекова Г. «Құрылысшының құралдары» оқу қызметтерін өткізу арқылы тәрбиешілер балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдады. Құммен жұмыс жасау арқылы саусақ-қол моторикасын дамытса, дәстүрден тыс әдіспен суретсалу да балаларды қызықтырды.

Бұл сабақтарда балалар жеке және топтық жұмыстарды жасауда белсенділік танытты. Тәрбиешілер күтілетін нәтижелеріне жетті.

**«Әлеумет» білім беру саласы бойынша**: Қоғамдық өмірде қоршаған ортамен және құбылыстармен таныстыру негізінде балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту,еңбек дағдыларын,жалпы адамдық құндылықтардың нормаларын білу, салт-дәстүр мен ережелер негізінде әлеуметтік-мәдени тәжірибесін қалыптастыру үшін бейімделу процесіне ықпал

ететін,мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып,өз құрдастарымен ынтымақтастыққа тәрбиелейтін жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар,ойындар,ыдыс-аяқтармен жабдықталған.
Сақыпова К. «Қанатты құстар», қоршаған ортамен таныстыру « Мамандықтың бәрі жақсы»- барлық мамандық иелерінің еңбектерін қадірлеуге тәрбиелеу, Жаратылыстану «Үй құстары» - үй құстарын атап, дала құстары мен үй құстарының ерекшелігін аңғарту; құстарды күтуге, баптауға тәрбиелеу;Жаратылыстану Айдарбекова Г. «Дәрумендер әлеміне саяхат» Сақыпова К. « Ғарыш әлеміне саяхат» -ашық қаралымын өткізді. т.б ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәжірибе сағаттарын өткізіп, бала қажеттілігін қанағаттандырды. Балаларды қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды , баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты , қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуге баулыды.
Тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасында білім беруші мен білім алушы ретінде тығыз байланыс бар. Бекітілген жоспарларға сәйкес тәрбиеші балаларға түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, үйретеді, көрсетеді, ал, тәрбиеленушілер тәрбиешінің берген біліміне сәйкес шығармашылықпен қызығушылықпен айналысады. Оқу үрдісінің жүргізілуі мен жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуы үнемі бақылауда. Барлық жұмыстардың жоспарға сәйкес жүргізілуі басшылық назарынан тыс қалмайды.

Вариативтік компонеттік бағдарламасы әр оқу жылы бойынша бала қызуғушылығына негізделе отырып жоспарланған.
**2017-2018** оқу жылы бойынша вариативтік компонент «Айгөлек» тобында «3 жас) - 1 сағат « Ертегілер әлемі»вариативтік бағдарламасы,жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгертілді , Вариативтік компонент «Айгөлек» тобында «Шахмат патшалығы» (4 жас)-1 сағат. вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 36 сағат меңгертілді.
**2018-2019** оқу жылы бойынша вариативтік компонент «Айгөлек» тобында «3 жас) - 1 сағат «Өнерлі екен он саусақ»вариативтік бағдарламасы,жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгертілді , Вариативтік компонент (4 жас)-2 сағат. 1 сағат- «Бәрін білгім келеді»вариативтік бағдарламасы,жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгертілді.
1 сағат -«Шебер қолдар» вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 36 сағат меңгертілді.
**2019-2020** оқу жылы бойынша вариативтік компонент «Айгөлек» тобында «3 жас) - 1 сағат «Ертегілер әлеміне саяхат»вариативтік бағдарламасы,жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгертілді , Вариативтік компонент (4 жас)-2 сағат.
1 сағат- «Білгіштер әлемі»вариативтік бағдарламасы,жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгертілді.
1 сағат -«Бәрін білгім келеді» вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 36 сағат меңгертілді.

Scanned by TapScanner

**2020-2021** оқу жылы бойынша вариативтік компонент «Айгөлек» тобында «3 жас) - 1 сағат «Зерттеуші балақай»вариативтік бағдарламасы,жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгертілді. Вариативтік компонент (4 жас)-2 сағат.

1 сағат- «Ойна да, ойла»вариативтік бағдарламасы,жылдық жүктемесі бойынша -36 сағат меңгертілді.

1 сағат -«Логика . Ойнайық та, ойлайық» вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 36 сағат меңгертілді.

**2021-2022** оқу жылдың I жартыжылдығы бойынша вариативтік компонент «Айгөлек» тобында «3 жас) - 1 сағат «Зерттеуші балақай»вариативтік бағдарламасы,жылдық жүктемесі бойынша -18 сағат меңгертілді.Вариативтік компонент(4 жас)-2 сағат.

1 сағат- «Біз кішкентай актерлар»вариативтік бағдарламасы,жылдық оқу жүктемесі бойынша- 18 сағат меңгертілді.

1 сағат -«Шебер болсам» вариативтік бағдарламасы жылдық оқу жүктемесі бойынша – 18сағат меңгертілді.

**Түрлі бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыруда:** әр оқу жылы сайын жылдық жұмыс жоспары жасақталып, талданып, бекітіледі. Сонымен қатар, еліміздегі мерейлі даталарға байланысты қосымша жоспарлар жасалып, жан-жақты,түрлі бағытта жұмыстар ұйымдастырылады. Мекеме санаториялық мекеме болғандықтан сауықтыру-шынықтыру шаралары мен салауатты өмір салтын ұстану бағытындағы жұмыстарға басымдық беріледі.

**2017-2018 оқу жылы бойынша :**

**Сауықтыру- шынықтыру жұмыстары бойынша-** «Көңілді доптар»- қызықты сайысы , «Тазалықты үйрен, салақтықтан жирен» тақырыбындағы шаралар;

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша:** «Екпелердің пайдасы», «Жаз мезгіліндегі дұрыс тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары» ;

**Ата-аналармен жұмыс бойынша:** «Көктем –ана, Гүл-қыздар » байқау, «Отбасындағы қуаныш»- дөңгелек үстел;

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша** : «ЭКСПО-Армандар тоғысы » -көрме, «Рухани жаңғыру-сананың жаңғыруы»- апталық;

**Бала уақытын тиімді ұйымдастыру:** «Шынығамыз жастай біз, жаттығудан қашпаймыз» спорттық сайыс, «Қар мүсіндер шеруі», «Айнала толы көп гүлдер, Қызыл, жасыл, көк гүлдер»- серуен, Ұлттар достығы –«Ұлылық пен ізгілік» - тәрбие сағаты;

**Семинар:** «МДҰ-да дәстүрлі емес құрал-жабдықтарды дайындау және денсаулық сағаттары мен сауықтыру жұмыстарында күнделікті қолданысқа енгізу»

Scanned by TapScanner

**2018--2019 оқу жылы бойынша :**

**Құқықтық сауаттылықты арттыру:** "Құқықтық сауаттылық - заман талабы

**Педагог кадрлармен жүргізілетін жұмыстар:** «Мектеп жасына дейінгі балалардың жазғы уақыттарын ұйымдастыру»

**Мектеппен сабақтастық:** Балаларды мектепке арнайы, жалпы дайындау туралы ата-аналармен кеңестер жүргізу.

**Сауықтыру- шынықтыру жұмыстары бойынша-** Б/б медбикесі, дәрігерінің кәсіби тексеруі бойынша балалардың денсаулық күйі туралы әңгіме, «Жасыл десант апгасы» рухани және экологиялық тәрбие іс-шаралары.

**Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша:** Ұйқыдан кейінгі сауықтыру-шынықтыру шаралары ;

**Балалар жол-көлік жарақатының алдын алу бойынша «Абайла -балақай» атты іс-шаралары: «** Қауіпсіз жол»

**Ата-аналармен жұмыс бойынша:** «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың құқықтары мен міндеттері»- кеңес, «Бала жағымсыз әрекетті қайдан үйренеді?» - психологиялық сағат

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша** : «Менің шығармашыл ортам»- жоба

**Бала уақытын тиімді ұйымдастыру:** «Киелі жерім, Ағынды өзен- Ырғызым» - туған жер сүйіп-қорғау, жаңа мәліметтермен таныстыру, «Желтоқсан куәгері» - Жергілікті батырларымызды ұлықтап, олардың өмірімен танысу. «Театр,Театр.Театр» - театральды қойылымдар апталығы

**2019--2020 оқу жылы бойынша :**

**Семинар:** «Робототехника- нұрлы болашақ кепілі», «Балабақшадағы театр қызықтары» - шебер класс

**Сауықтыру- шынықтыру жұмыстары бойынша-**Балабақшада түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру іс-шаралары-сауықтыру сабағы

**Ата-аналармен жұмыс бойынша:** «Жұлдызды кеш»- ән байқауы, «Бала тілі - бал» - арнайы балалар үшін газет шығару; «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі» -пікірталас, «Бала өзінің тәртібімен не айтқысы келеді?» - дөңгелек үстел,«Жыл ата -анасы – 2019» сайысы

**Бала уақытын тиімді ұйымдастыру:** Шығармашылық айы.

Scanned by TapScanner

«Музыка арқылы балалардың денсаулығын нығайту» -баяндама, «Бояулар әлемі» - бояу сиқырымен танысу; «Ғажайыпстанға саяхат» - елестету арқылы сурет салу; «Шеберлер елінде» - қорытынды ойын-сауық

**2020--2021 оқу жылы бойынша :**

**Кеңестер:** Пневмониядан сақтанудың қарапайым тәсілдері, Ата-аналарға арналған «Егерде бала көп сұрақтар қоятын болса»

**Мерекелер мен ойын-сауықтар:** «Атадан балаға өнеге» аталар сайысы, «Арналады әнім саған, анашым!» мерекелік ертеңгілік,

**Сауықтыру- шынықтыру жұмыстары:** «Қазақтың ұлттық ойындары» денсаулық күніне арналған спорттық кеш, Егу алдынан тексеру және егуден кейінгі өзгерістерді бақылау

**Қоғамдық және отбасылық тәрбие:** «Жаңа жылдық ертегі» - көрме, «Әйелмен әлем көрікті» - түрлі салада қызмет жасап жүрген әйел-Аналармен бірге дөңгелек үстел, «Құстарға қамқорлық» (табиғи материалдардан көрме), «Балабақшаның бір күні» - ашық есік күні

**Мектеппен сабақтастық:** Сюжеттік-рольдік ойын «Мектеп», «Жаңа бақыт- жаңа шаттық» -жаңажылдық мерекелік қойылымдар. «Сыйлықтар өз қолымызбен» Бір-біріне мерекелік сыйлықтар

**ҰлыАбайдың мерейтойына орай:** «Әуезді әуен шебері, қара сөздің зергері»- апталық

**2021-2022 оқу жылы бойынша:**

**Семинар:** «Халықтық тәрбие- мектеп жасына дейінгі баланың тәрбиесі мен дамуына оң әсер етуші күш» :

1. Халықтық ертегі терапиясы 2.Асық терапиясы 3.Ұлттық ойын терапиясы 4.Ұлттық қолөнер терапиясы.5. Ұлттық сусындар терапиясы

**Мерекелер мен ойын-сауықтар:** Әкелер күні- «Күшімізді біріктірейік» -спорттық көпсайыс, «Анамыз екеуміз шеберміз» - қолөнер сайысы, «Елбасы- ел қадірлісі»- тәрбие сағаты

«Жалғыз Отаным- ол Қазақстан!». «Өз елім» - Тәуелсіздіктің 30 жылдығына шаралар

1. Ашылуы.
2. «Жалғыз Отаным- ол Қазақстан!»- туған жерге сырттай саяхат \видео роликтер\
3. «Туған елімді жырлаймын»- көркемсөз байқауы;
4. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»- ертеңгілік
5. «Өз елім»- мерекелік концерт

Scanned by TapScanner

«Алғысым шексіз....!»- тәрбие сағаты

«Менің жердегі Періштем!» оқу жылының соңына дейін атқарылатын бірқатар жұмыстар жоспарлануда.

Бес оқу жылы аралығында оқу –тәрбие бағытында сонымен қатар, ұрпаққа үлгі болар, тәрбиелік мәні бар іс-шаралар жүйелі түрде жүргізілді. «Елімнің бақыттын тербеткен Тәуелсіздік!»- Ашық ертеңгілік, «Тілді сүю –тал бесіктен.» Ашық ертеңгілік, «Наурыз келді, құт алып!» Ашық ертеңгілік, «Арналады әнім саған, анашым!» Ашық ертеңгілік , «Елін сүйген-Елбасы!» ашық ертеңгілік, «Бауырсақ» мерекесі. ашық ертеңгілік, « Күнмен бірге саяхат» ашық каралым, «Татулық бірлікте!» Ашық ертеңгілік, «Әрбір бала-бір әлем». Дөңгелек үстел, «Сиқырлы күз» тақырыптарында іс-шаралар өтті. Әр шараны ұйымдастыруда тақырыптарына сай мақсаттар қойылды. мақсатқа жету үшін міндеттер нақтыланып, жұмыстар ұйымдстырылды.

Жоғарыда көрсетілгендей \белгілі бір бөлігі\жылдық жұмыс жоспары бойынша және елеулі, тарихи даталарға сәйкес жұмыстар ұйымдастырылды. Әр жұмысты жоспарлаған кезде мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылығы, мүмкіндігі. жас ерекшелігі ескерілді. Сонымен қатар, жұмыс бағыттары педагогтармен, жалпы ұжыммен. ата-аналармен, басқа мекемелермен байланыс, төтенше жағдайлар бөлімімен, аудандық аурухана және емханамен ұйымдастырылды. Кейбіріне тоқталсақ,

Ұлыстың Ұлы күнін тойлауға арналған Аудандық «Наурыз шапағаты» және «Ақбота» балабақшаішілік «Нұр себеле Ұлыстың Ұлы күні» жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілді: «Амал келді, Жыл келді»- Халқымыздың ұлттық мерекелерінің бірі «Амал» мерекесін тойлаудың мәніне тоқтала отырып, ұлттық мерекені ұлықталды;

Көрісу рәсімдерін жасау; Қазақтың ұлттық ойындары «Бауырсақ» мерекесі- Түрлі ұлттық ойындарын ойнатылып, Халыққа бауырсақ қуырып таратылды.

«Туған өлкем- касиетті мекенім» - тақырыбында Ырғыз шаһарының -175 жылдығына арналған жұмыс жоспары жасалып, туған жер туралы бірқатар шаралар ұйымдастырылды. «Ауылым-алтын бесігім» Феградан Ырғыз селосының толық макетін дайындау. «Ырғыз шаһары» -кеше,бүгін,ертең» - Кезең-кезеңі бойынша түрлі әлеуметтік нысандар макетін жасау; «Көне жәдігерлер сөйлейді»- тарихи деректемелер Аудандық мұражайдағы қызықты сабақ.

Ырғыз шаһарының -175 және Рухани жаңғыру бағдарламасы шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында «Жаманшың» кратеріне барып, табиғат аясында саяхат жасалды. «Абай шығармашылығы - ұрпақ бағдаршамы» -

Scanned by TapScanner

Ұлы Абайдың -175 жылдығына арналған жұмыс жоспарын басшылыққа алып, «Күз» тақырыбы қағаз бетінде Абайдың күз тақырыбындағы өлеңдеріндегі табиғат пейзажын қағаз бетіне бейнелеу; «Абай- қара сөздің зергері,әуезді әннің шебері» Әдеби-музыкалық кеш

Бөбекжай-бақшасында психологиялық қызметінің негізгі міндеті балалардың дауы, психологиялық қолдау көмегін көрсету үшін психологиялық жағдай жасау болып табылды. Психодиагностиканың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен толыққанды дамуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау. Зерттеулер жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы, бала тұлғасына білім беру ортасына әсері нәтижелерінің диагностикасына негізделген. Диагностикалық зерттеулер қабылданған шаралардың нәтижелілігін қадағалау мақсатында түзетуші-дамытушы жұмыстар жүргізілгеннен кейін де өткізілді.Оқу жылының басында келесі мінез-құлық (даму) белгілері бойынша зерттелген, мектеп жасына дейінгі баланың даму ерекшелігін бағалау жүргізілді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағылар картасы әзірленген. Мөлшерлеу құралы болып, әр түрлі тақырыптағы тапсырмалар, 5 білім беру саласы: «Денсаулық», «Қатынас ды зерттеу», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» салалары бойынша әр түрлі жастағы топтарда жүйелендірілген дидактикалық материалдар қолданылған. Балаларды бақылау әңгілелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асырылған. Тексеру нәтижелеріне өтпелі тақырыптық есеппен қорытынды жасалады және одан әрі жұмыс істеу үшін түзетулер енгізілген. Жалпы топ бойынша: бақылау жұмыстары«Балықтардың өз анасын тауып алыға көмектес» жад (зерде), «Артық затты тап» ойлау, «Үй жануарларын тамақтандыр» ойлау, «Ұқсас заттарды қорша» зейін.Ағартушылық-профилактикалық бағыт:«Достық бірлікте» тренинг, «Сәлем, бұл-менмін» тренинг, « Кілемге жамау сал» ойлауды дамыту ойын, «Ормандағы ағаштар» ойын, «Жағымды сөздер» тілек айту, «Даусынан таны» ойын, «Достық» ойын, «Жаңа ертегі» қиялдау.

Түзету-дамытушылық: «Ойыншықтар» ойлау, «Бір, екі,үш» ойлаудыдамытуға арналған ойын, «Сандар» , «Аяқталмаған суреттер» қабылдау, «Пішіндерді орындарына қой» сенсорика, «Арттық затты тап » сенсорика, «Иттің қожайынынын тап» ойын, «Құм терапиясы» ұсақ қол моторикасың, ойлау қаблетін дамыту бойынша педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілген.

« Акбота- бөбекжай балабақшасына балалар аудандық емхананың фтизиопедиатр дәрігері жолдамасымен келеді. Жолдамамен қоса балалар медициналық тексерілуден толықтай өтіп келеді.Тері ауруларына ,жұқпалы ауруларға қарсы ,

Scanned by TapScanner

ішек- құртқа қарсы тексеріліп ,жалпы қан , жалпы зәр анализіне тексерілуден өтіп анықтамасымен келеді. Баланың қаны аз болған жағдайда дәрігер жолдамаға тағайындаулар жазып береді.

2017 жыл бойынша балабақшаға 22 бала қабылданады. Соның ішінде БК(-)-14 бала,БК(+)-3 б,ТМБ-5 бала.
2018 жыл бойынша 21 бала.Оның БК(-)-15 бала, ТМБ-6 бала.
